МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Методические рекомендации по оформлению и оцениванию письменных экзаменационных работ по математике за курс основной и общеобразовательной школы

Негізгі орта және орталау мектеп курсы бойынша математикадан емтихан жұмысының жазылу талаптары мен бағалану критерийлері туралы методикалық ұсыныстар

Усть-Каменогорск - 2016г
Өскемен – 2016ж

Бұл жинақтаматематикадан қортынды аттестациялау кезінде оқушылардың жазбаша емтиханжұмыстарының дұрыс жазылуымен бағалануы бойыншаматематика пәні мұғалімдеріне методикалық ұсыныстар жиынтығы беріліп отыр. Оның құрамы түсініктеме хаттан, сыртқы бетін толтыруға қойылатын талаптардан, жазбаша емтихан жұмысыныңтолтырылуынақойылатын талаптардан, бағалау критерийлерінен және олардың мазмұнынан, жұмысты тексеруді жүргізу барысынан, пікірдің құрылымына ұсыныстардан және сонымен бірге нақты тапсырмалардың (есептердің) шығару кезіндегі тақырыбына байланысты жазылу үлгісіне ұсыныстардан тұрады.

Құрастырушылар:

Нурпеисова А.З. Өскемен қаласыныңоқу-әдістемелік білім бөлімінің басшысы;
Агафонова Т.Г. Өскемен қаласы әкімдігінің «№23 орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі;
Антропова Л.А.Өскемен қаласы әкімдігінің «№24 орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі;
Веричева Е.В. Өскемен қаласы әкімдігінің «№4 орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі;
Гертель Т.П. Өскемен қаласы әкімдігінің «№11 мектеп-гимназиясы» КММ математика пәні мұғалімі;
Дукенбаева Б.О. Өскемен қаласы әкімдігінің «№23 орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі;
Ильгова И.В. Өскемен қаласы әкімдігінің «№23 орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі;
Исмаилова А.Б.Өскемен қаласы әкімдігінің «№35 орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі;
учитель математики КГУ "Средняя школа № 35" акимата г.Усть-Каменогорска;
Капустина Е.А.Өскемен қаласы әкімдігінің «№23 орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі;
Касенова Г.Т.Өскемен қаласы әкімдігінің «№3 мектеп-лицейі» КММ математика пәні мұғалімі;
Крушинская О.И.Өскемен қаласы әкімдігінің «№24 орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі;
Коваленко Т.И.Өскемен қаласы әкімдігінің «№18 орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі;
Кыржибаева А. Өскемен қаласы әкімдігінің «№33 орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі;
Нұрғалиева Ж.Т. Өскемен қаласы әкімдігінің «№23 орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі;
Сахариева Б.М.Өскемен қаласы әкімдігінің «№3 мектеп-лицейі» КММ математика пәні мұғалімі;

Таенова Р.М.Өскемен қаласы әкімдігінің «№10 мектеп-гимназиясы» КММ математика пәні мұғалімі;
Чагайдак М.В.Өскемен қаласы әкімдігінің «№15 орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі.

Түсініктеме хат.

Жалпы білім беретін математика курсы 1-ші, 11-ші сыныптарда оқытылады. Оқытудың әрбір кезеңінде оның белгілі бір басымдыққа ие міндеттері бар және кезеңдер арасындағы бірізділікті сақтай отырып жүзеге асырылады, бірақ біліміне, білігіне және дағдылларына қойылатын талаптар бөлімінде мектеп бітірушілерді қортынды аттестациялау формасының өзгеруі жағдайында маңыздылығы болып табылатын жазба жұмыстарының толтырылуына және бағалануына қойылатын талаптар жазылмаған. Методикалық ұсыныстар жинақтамасының құрылымы математика пәні мұғалімдеріне есептің шығарылуының толтырылуына назар аударуға көмектеседі, әсіресе оқушыларды жазбаша қортынды аттестациялауға дайындау барысында.

Орталау мектеп курсы бойынша математикадан жазбаша түрде емтихан жұмысын өткізуге арналған тапсырмалардың негізгі және негізгі орталау мектеп курсы білім мазмұнының көлемін негізінде құрылымдалатындығын ескере отырып, біз жалпы білім беретін мектептің 9-11 сыныптарының негізгі математикалық білім мазмұнына тоқталатын боламыз. Ұсыныстар келесі бөлімдер бойынша әзірленді: «Санды өрнектер», «Тригонометриялық өрнектерді түрлендіру», «Тригонометриялық теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері», «Туындының геометриялық мағынасы», «Функцияны зерттеу және графигін салу», «Берілген кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәні», «Алғашқы функция және интеграл. Берілген сызықтармен шектелген фиграның ауданы», «Алгебралық өрнектерді түрлендіру», «Алгебралық теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері», «Иррационал теңдеулер және олардың жүйелері», «Көрсеткіштік теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері», «логарифмдік теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері», «Аралас теңдеулер жүйелері», «мәтіндік есептер», «Тізбектер».

Берілген ұсыныстар мұғалімдерге тек қана оқушылардың математикалық дайындығына қойылатын талаптар туралы ғана емес, сонымен бірге қортынды аттестациялаудың жазбаша жұмыстарына қойылатын талаптар туралы да біртұтас, нақты түсінік қалыптастыруына мүмкіндік бере отырып, сонымен бірге Қазақстан Республикасы үкіметінің 2012 жылы 23 тамызда бекітілген № 1080 жалпы білім беретін мемлекеттік стандарт туралы жарғысына сай оқу процесін дұрыс жоспарлауына ықпал ететін болады.

Жазбаша емтихан жұмыстарының жазылуына және бағалануына қойылатын талаптар туралы ұсыныстарды әзірлеу барысында басшылыққа алынды:

1. Әдістемелік-методикалық хат «Қазақстан Республикасы (2000ж) ұйымдарының 11 сынып түлектерінің жазбаша жұмыстарының жазылуына бойынша оқушылардың математикалық дайындығына қойылатын талаптар»
2. Негізгі мектеп курсы бойынша математикадан жазбаша емтихан жұмыстарының жазылуы мен бағалануына методикалық ұсыныстар (2011ж). Құрастырушылар: Г.Ә.Әбілмаш, №42 орта мектептің жоғары санатты математика пәні мұғалімі; С.Т. Лаптева, №39 орта мектептің жоғары санатты математика пәні мұғалімі; И.Б. Керимова, №7 орта мектептің жоғары санатты математика пәні мұғалімі; Н. Е. Исмагулова, №43 орта мектептің жоғары санатты математика пәні мұғалімі.
3. Мақала Г.В.Дорофеева «Алгебра және анализ бастамаларынан емтихан туралы», («Математика в школе» 1990ж).

Негізгі мектеп курсының алгебра пәні бойынша және 11-ші сыныпта алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан түрінде алынады. Жазбаша емтихан жұмыстарының жазылуына ұсыныстар береміз.

Сыртқы беті келесі текспен жазылады:

Негізгі орта мектеп курсы бойынша 9 «а» сынып оқушысы Аманжолова Сәуленің математикадан жазбаша емтихан жұмысы	Негізгі орталау мектеп курсы бойынша 9 «а» сынып оқушысы Аманжолова Сәуленің Алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан жұмысы

Қалған барлық мәліметтер: қала, аудан, мектептің типі, номері, емтиханның өткізілген күні және тағы басқалары түлектердің жұмыстарында қойылған штампта анық оқылуы қажет.

Бірінші беті сыртқы бет ретінде толтырылады, екінші бетінде бірінші жолда нұсқа жазылып көрсетіледі (арабша цифрлармен жазылады: 1,2), содан соң есеептің шығарылуы басталады. Жазу барысында қызыл сызықтан 0,5 см, беттің бүгілген жерінен 1,5 см қалдырылып отырылады. Жұмысты орындауға қажет қосымша беттер (черновик) берілуі тиіс. Егер, жұмысты орындау барысында оқушы қосымшы бетті (черновик) қолданса, онда емтихан жұмысымен бірге қосымша беттерді (черновиктерді) де өткізуі тиіс.

Есеп шығару алдында жазбаша жұмыстың барлық тапсырмаларының берілгенін көшіріп жазу міндетті емес. Есептің шарты көшіріліп жазылады (мәтін) және шығарылуы келтіріледі.

Қосымшы бетте (черновик)тапсырмалар кез-келген ретпен орындала береді, жұмыстың таза бетінде емтихан жұмысында қандай ретпен берілсе сәйкесінше сол ретпен жазылып орындалады.

Емтихан жұмысында сөзді қысқартып жазуға болмайды, тек жалпылама қабылданған қысқартулар ғана қолданылады. Әрбір есептің шығарылуынан кейін жауабы жазылады. Есептің шығарылуын жазу барысында оқушының сұраққа сәйкес теориялық білімін, оны есеп шығару барысында қолдану біліктілігін көсететін талқылауды жазып отыру қажет. Сөйлемдерде сөздерді таңбалармен («бұдан шығады» сөзінің орнына, «өспелі» сөзінің орнына және т.б.) алмастыруға болмайды. Бергілеулер тек есептің шығарылуының белгілеумен жазылатын жерінде ғана қолданылады.

Мәтін есептерді шешу барысында, шартын жазғаннан кейін, түсініктеме келтіру маңызды, тек содан кейін ғана құрылған теңдеу жазылады.

Жазбаша емтихан жұмысынжазып толтыру.

1. Жазба жұмысын анық етіп таза, жүйелі, әрі сауатты орындау қажет.
2. Есептің мәтінін толық жазу қажет.
3. Сызбаларды бөлек сол жаққа орналастыру қажет.
4. Барлық сызбаларды сызғышты қолданып қаламмен сызу қажет.
5. Есептің қысқашашартын (берілгенін)сызбаның оң жағына ретімен жазу қажет.
6. Есептің сұрағын қысқаша шартын жазу үлгісінен кейін жазып көрсету қажет.
7. Символдар мен белгілерді орнымен қолдану қажет.
8. Тапсырманың шешу жолдарын тізбектеп те, амалдап та жазуға болады.
9. Теңдеудіңшығарылуы рет-ретімен әр жолға бірінің астына бірі жазылғаны дұрыс.
10.Есептің жауабы шешімінің астына жеке жолға, сол жағынан, жазылады.

Маңызды формулалар, теңеулер, теңсіздіктерді ерекшелеу үшін бөлек таза жолға жазу қажет.

Бір жолға жазғанда математикалық белгілерді дұрыс орналастыру қажет. Формуланы немесе өрнекті бір жолдан екінші жолға тасымалдауды тек «+», «-», «=» таңбаларының көмегімен орындауға рұхсат етіледі. Тасымалдау кезінде «+», «-», «=» таңбалары келесі жолдың басында қайталанып жазылуы қажет. Бөлшек сызығы мен теңдік белгілерін дұрыс орналастырып жазу қажет. Баяндаудың математикалық қатаң тәртібін қадағалап отыру қажет және математикалық белгілеулерді нақты дәл қолдану қажет.

Жазбаша емтихан жұмысын бағалау критерийлері қандай?

Мұғалімдерге математикадан емтихан жұмысын тексеру барысында бағаны қою үшін төменде келтірілген осы не басқа бағаны қою талаптарын орындау міндетті. Қазіргі уақытта жұмыс алты тапсырмадан тұрады және «5-тік» бағасы кез-келген дұрыс орындалған бес тапсырмаға қойылады. Егер барлық алты тапсырма да дұрыс орындалған болса, онда екіден артық болымсыз қателердің болуына қарамастан емтихан комиссиясы жұмысты «5-ке» бағалай алады.

Өрескел қателерге жататын қателер, бұл оқушыныңформулаларды, ережелерді,негізгі қасиеттерді,теоремалардыбілмеуін және оларды қолдана алмауын анықтайтын қателер, оқулықта қарастырылған есепті шығару тәсілдерін (есептердің шығарылу жолдарын) білмеуі, сонымен қатарегер олар байқамай жіберілген қате болмаған жағдайда есептеуде жіберілген қателер. Геометриялық есептің шығарылуында сызбаның жоқтығы, олардың есеп шартына сәйкес келмеуі, қолданылған теоремалар, аксиомалар, леммаларға нұсқаудың болмауы да өрескел қате деп танылады.

Өрескел емес қателерге жататындар: түбірді жоғалту немесе жауапқа бөгде түбірді жазып қою, түсініктемесіз түбірлердің біреуін немесе онымен таңбасы бөлекті алып тастау. Геометриялық есептердесызбанысызу барысында пропорцияны сақтамау,салу ережелерін (көрінбейтін сызықтар, шар полюстерінің бейнесінің жоқтығы, т.с.с.) сақтамау.

Болымсыз қателерге жататындар:тиімді тәсілді пайдаланбау, абайсызда жаңылыс жазылған қате (описка), есептің шығарылуында түсініктеменің, негіздеменің жеткіліксіздігі немесе жоқтығы. Геометриялық есептерге сызылған сызбаның артық жерлерінің көптігі, өлшем бірліктерінің болмауы, координаталық өстерді белгілемеу, өстердің бағытын көрсетпеу, сан түзінің оң бағытын нақтыламау.

Егер бір қате (бір болымсыз қате) бірнеше рет қайталанса, онда ол бір ғана қате(бір ғана болымсызқате) болып саналады.

Сызып тасталған жерлер (өте ұқыпты орындалғаны дұрыс, тиянақты) есепті шығару жолын іздегендігін білдіретін болса, оны қатеге санамауға болады (Ерекше үлгідегі аттестат иегерлерінен басқалары).

«5» (үздік) деген бағажұмыс толық және қатесіз орындалған жағдайда қойылады. «Алтын белгі» таңбасы бар ерекше аттестат алуға үміткер түлектердің жұмыстарында болымсыз қателердің өзі болмауы керек.

Үздік аттестат алуға үміткер түлектердің жұмыстарында өрескел емес қателер мен болымсыз қателердің саны екеуден артық болмауы керек.

«4» (жақсы) деген баға келесі жағдайда қойылады:

а) бес тапсырма толық дұрыс орындалса және өрескел қателер жіберілмеген, бірақ болымсыз қателері екіден артық болған немесе өрескел емес қате мен болымсыз қате болған жағдайда;

б)4 тапсырма дұрыс орындалса және бір тапсырмада қателер жіберілген жағдайда;

в) алтыншы тапсырма орындалмаған немесе орындалуында қателер жіберілген жағдайда.

«2» (қанағаттанарлықсыз) деген баға егер үш (немесе оданда көп) тапсырманың әрбіреуінде (бір немесе оданда көп) өрескел қателер жіберілген жағдайда қойылады.

«1»(қанағаттанарлықсыз) деген баға әрбір тапсырманың үштен бір бөлігі ғана орындалған жағдайда қойылады.

«3» (қанағаттанарлық) деген бағабарлық қалған жағдайларда қойылады.

Оқушылардың жазбаша жұмыстарын тексеру және бағалау тәртібі қандай?

- Баға оқушының жұмысынан кейін беттің сол жағына қойылады. Сонан соң «5» (үздік) деп бағаланған жұмысқа емтихан комиссиясы пікір жазады. Ары қарай емтихан комиссиясы төрағасының және комиссия мүшелерінің қолдары қойылады. Түлектердің жұмыстарында емтихан комиссиясы төрағасының және емтихан алушылардың аты, тегі, әкесінің аты, қолдары түсінікті етіп және толық жазылуы керек (Қысқартуға болмайды).

Пікір (тақарап жазылады)

____

____

Емтихан комиссиясы төрағасы: Ковалев Иван Михайлович ________

Емтихан алушы мұғалім: Айдарова Карлыгаш Нурбековна ________

Ассистенттер:Иванова Светлана Степановна ________

Жұмыстарды тексеру жалпы білім беретін мекемеде математика мұғалімі мен емтихан комиссиясы мүшелерінің қатысуымен жүзеге асырылады. Егер емтихан болған күні тексеру аяқталмай қалған болса, онда жұмыстар мектеп директорына сақтауға өткізіледі. Емтихан комиссиясының барлық мүшелері жұмысты мұқият оқып шығады, жұмыста орын алған барлық қателер мен болымсыз қателер көрсетіледі. «Алтын белгі» таңбасы бар ерекше аттестатқа үміткер түлектердің жұмыстарына, үздік аттестат алуға үміткер түлектердің жұмыстарына жазбаша осы жұмыстың орындалу сапасы туралы пікір беріледі.

Пікірде нені көрсетілуі қажет?

Пікірде көрсетілуі тиіс: мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес жұмысты орындау дұрыстығын, таңдаған әдістерініңтиімділігін, талқылау жасауының дұрыстығын, жазбалардың ұқылтылығын, формулалар, қасиеттер, теоремаларды жәнет.б.қолдануды негіздеуінің дұрыстығын, жазбаша емтихан жұмысының жазылуына қойылған барлық талаптардыңтолық орындалғанын.

1 тарау. Санды өрнектер.

1. Бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосуды (азайтуды) орындағанда оларды алдымен ең кіші ортақ бөлімге келтіріп,сонан соң қосуды (азайтуды) бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу ережесі бойынша орындау керек. Шыққан бөлшек, егер мүмкін болса, қысқартылып бүтін бөлігі бөлініп жазылуы керек.

2. Егер азайтқыштың бөлшек бөлігі азайғыштың бөлшек бөлігінен үлкен болса, онда азайғыштың бүтін бөлігінің бір бүтінін оған тең бөлшекпен алмастырып жазу керек.

3. Бүтін және бөлшек бөліктерден тұратын сандарды көбейткенде олар алдымен бұрыс бөлшекке айналдырылады, сонан соң мысалдағыдай көбейтіледі:$2\frac{1}{3} \cdot 3\frac{1}{3} = \frac{7}{3} \cdot \frac{19}{6} = \frac{133}{18} = 7\frac{7}{18}$

4. Бүтін және бөлшек бөліктерден тұратын сандарды бөлгенде алдымен олар бұрыс бөлшекке айналдырылып, сонан соң бөлшекті бөлшекке бөлу ережесі бойынша бөлінеді. Мысалы, $3\frac{5}{7} \div 2\frac{1}{3} = \frac{26}{7} \div\div \frac{7}{3} \div \frac{26 \cdot 3}{7 \cdot 7} = \frac{78}{49}$.

5. Егер өрнекте жақша болса, онда алдымен жақша ішіндегі амалдар, одан кейін қалған амалдар орындалады, жақшаның ішіндегі және сыртындағы амалдарды орындау 1-ші пункттегі ережеге сәйкес орындалады.

6. Егер бөлшек өрнектің мәні есептелетін болса, онда бөлшектің алымындағы амалдар, сонан соң бөліміндегі амалдар рет-ретімен орындалады және алымынан шыққан сан бөлімінен шыққан санға бөлінеді.

Мысал 1. $2{,}5 - 0{,}4 \cdot 3\frac{1}{3}$

Есептішешудіңбіріншітәсілі:

$$2{,}5 - 0{,}4 \cdot 3\frac{1}{3} = \frac{25}{10} - \frac{4}{10} \cdot \frac{10}{3} = \frac{25}{10} - \frac{4}{3} = \frac{75 - 40}{30} = \frac{35}{30} = \frac{7}{6} = 1\frac{1}{6}$$

Жауабы: $1\frac{1}{6}$

Есептішешудіңекіншітәсілі : $2{,}5 - 0{,}4 \cdot 3\frac{1}{3}$

$$1)0{,}4 \cdot 3\frac{1}{3} = \frac{4}{10} \cdot \frac{10}{3} = \frac{4}{3} = 1\frac{1}{3}$$

$$2)\ 2{,}5-1\frac{1}{3}=2\frac{1}{2}-1\frac{1}{3}=2+\frac{1}{2}-\left(1+\frac{1}{3}\right)=(2-1)+\left(\frac{1}{2}-\frac{1}{3}\right)=1+\frac{1}{6}=1\frac{1}{6}$$

Жауабы: $1\frac{1}{6}$

Мысал 2. $\left[18\frac{1}{6}-\left(3{,}06\div 7\frac{1}{2}+3\frac{2}{5}\cdot 0{,}38\right)\right]\div\left(19-2\frac{3}{8}\cdot 5\frac{1}{3}\right)$

Берілген санды өрнекті амалдардың орындалу тәртібін көрсете отырып қайта көшіріп:

$$\left[18\frac{1}{6}-^{(4)}\left(3{,}06\div^{(1)} 7\frac{1}{2}+^{(3)}3\frac{2}{5}\cdot^{(2)} 0{,}38\right)\right]\div^{(7)}\left(19-^{(6)}2\frac{3}{8}\cdot^{(5)} 5\frac{1}{3}\right)$$

Енді амалдарды көрсетілген тәртіппен есептеп:

1) $3{,}06\div 7\frac{1}{2}=\frac{306}{100}\div\frac{15}{2}=\frac{306}{100}\cdot\frac{2}{15}=\frac{306\cdot 2}{100\cdot 15}=\frac{153\cdot 2}{50\cdot 15}=\frac{51}{25\cdot 5}=\frac{51}{125}$

2) $3\frac{2}{5}\cdot 0{,}38=\frac{17}{5}\cdot\frac{38}{100}=\frac{17\cdot 19}{5\cdot 50}=\frac{323}{250}=1\frac{73}{250}$

3) $\frac{51}{125}+1\frac{73}{250}=1\ \frac{102+73}{250}=1\frac{175}{250}=1\frac{7}{10}$

4) $18\frac{1}{6}-1\frac{7}{10}=18\frac{5}{30}-1\frac{21}{30}=17\frac{35}{30}-1\frac{21}{30}=16\frac{14}{30}=16\frac{7}{15}$

5) $2\frac{3}{8}\cdot 5\frac{1}{3}=\frac{19}{8}\cdot\frac{16}{3}=\frac{19\cdot 16}{8\cdot 3}=\frac{38}{3}=12\frac{2}{3}$

6) $19-12\frac{2}{3}=18\frac{3}{3}-12\frac{2}{3}=6\frac{1}{3}$

7) $16\frac{7}{15}\div 6\frac{1}{3}=\frac{247}{15}\div\frac{19}{3}=\frac{247}{15}\cdot\frac{3}{19}=\frac{247\cdot 3}{15\cdot 19}=\frac{13}{5}=2\frac{3}{5}=2\frac{6}{10}=2{,}6$

Жауабы: 2,6.

2тарау. «Тригонометриялық өрнектерді түрлендіру»

Тригонометриялық тепе-теңдіктерді дәлелдеу барысында қысқаша көбейту формулаларымен қатар негізгі тригонометриялық функциялар арасындағы байланыс формулалары да қолданылады. Кестенің көмегінсізтригонометриялық өрнектердің мәнін есептеуге берілген есептертепе-тең түрлендірулердің көмегімен бастапқы берілген өрнек аргументі таблицалық мәндерден тұратын тригонометриялық функцияларға келтіріліп есептеледі.

Мысал 1.

Егер sinα = $\frac{\sqrt{2}}{2}$, мұндағы $90^0<\alpha<180^0$ болса, tgα-ны тап

Есептішешудіңбіріншітәсілі:

1) $|\cos\alpha| = \sqrt{1 - sin^2\alpha}$екендігін ескеріп және $90^0<\alpha<180^0$,α –II ширектің бұрышы екенін біле отырып келесі мәнді табамыз.

   cosα = - $\sqrt{1 - \frac{1}{2}} = -\frac{\sqrt{2}}{2}$

2) tgα = $\frac{sin\alpha}{cos\alpha}$

$$tg\alpha = \frac{\frac{\sqrt{2}}{2}}{-\frac{\sqrt{2}}{2}} = -1$$

   Жауабы: –1

Есептішешудіңекіншітәсілі:

$$1) \quad 1 + ctg^2\alpha = \frac{1}{\sin^2\alpha}$$

$$ctg^2\alpha = \frac{1}{\sin^2\alpha} - 1$$

$$ctg^2\alpha = 1 : \left(\frac{\sqrt{2}}{2}\right)^2 - 1$$

$$ctg^2\alpha = 1 \cdot \frac{4}{2} - 1$$

$$ctg^2\alpha = 2 - 1$$

$$ctg^2\alpha = 1, \quad \alpha \text{ II ширек бурышы екенін ескеріп}$$

$$ctg\alpha = -1$$

$$2) \quad tg\alpha = \frac{1}{ctg\alpha}$$

$$tg\alpha = \frac{1}{-1}$$

$$tg\alpha = -1$$

$$Ответ: \quad -1$$

Мысал 2.

Келтіру формуласын қолданып есепте:

$tg(-300^0) = -tg300^0 = -tg(270^0 + 30^0) = ctg30^0 = \sqrt{3}$

Жауабы: $\sqrt{3}$

Мысал 3.

Есепте cos2α, егер $\sin\alpha = -\frac{12}{13}$, $180^0 < \alpha < 270^0$, α –III ширек бұрышы.

Шығарылуы:

$\cos 2\alpha = 1 - 2\sin^2\alpha$, сонда

$$cos2\alpha = 1 - 2\left(\frac{12}{13}\right)^2 = 1 - \frac{2 \cdot 144}{169} = 1 - \frac{288}{169} = -\frac{119}{169}$$

Жауабы: $-\frac{119}{169}$

Мысал 4.

Тепе-теңдікті дәлелде: $(\sin\alpha + \cos\alpha)^2 - \sin 2\alpha = 1$

шешуі: $\sin^2\alpha + 2\sin\alpha\cos\alpha + \cos^2\alpha - \sin 2\alpha = 1$

$1 + \sin 2\alpha - \sin 2\alpha = 1$

$1 = 1$

Тепе-теңдік дәлелденді.

Мысал 5.

Тепе-теңдіктің дұрыстығын тексер.

$\sin 87^0 - \sin 59^0 - \sin 93^0 + \sin 61^0 = \sin 1^0$

$\sin(90^0 - 3^0) - \sin(90^0 + 3^0) - \sin(60^0 - 1^0) + \sin(60^0 + 1^0) =$

$= \cos 3^0 - \cos 3^0 - \sin 60^0\cos 1^0 + \sin 1^0\cos 60^0 + \sin 60^0\cos 1^0 + \sin 1^0\cos 60^0 =$

$= \sin 1^0\cos 60^0 + \sin 1^0\cos 60^0 = \frac{1}{2}\sin 1^0 + \frac{1}{2}\sin 1^0 = \sin 1^0$

$\sin 1^0 = \sin 1^0$, дәлелдеу керегі де осы.

Мысал 6.

Есепте:

$$\cos 20^0 \cos 40^0 \cos 80^0 = \frac{2sin20^0 cos20^0 cos40^0 cos80^0}{2sin20^0} =$$

$$= \frac{sin40^0 cos40^0 cos80^0}{2sin20^0} = \frac{2sin40^0 cos40^0 cos80^0}{4sin20^0} = \frac{sin80^0 cos80^0}{4sin20^0} =$$

$$= \frac{2sin80^0 cos80^0}{8sin20^0} == \frac{sin160^0}{8sin20^0} = \frac{\sin(180^0 - 20^0)}{8sin20^0} = \frac{sin20^0}{8sin20^0} = \frac{1}{8}$$

Жауабы: $\frac{1}{8}$

Тригонометриялық өрнектерді түрлендірудің өзіне тән ерекшелігі, ол бір жауапқа әртүрлі жолдармен қол жеткізуге болатындығы.

Тригонометриялық өрнектерді түрлендіру сөз болатын есептерді шешуде берілген өрнекке қолданылған түрлендірулер, тіпті бұл айтылмаған кезде де, тек өрнектің анықталу аймағы шеңберінде орындалады деп есептелінеді.

Есепті орындау барысында қолданылған формулаларды жазу міндетті емес. Олардың қолданылатыны онсыз да түсінікті.

3тарау. «Тригонометриялық теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері»

Осы формуланың қолданылатыны ешқандай күмән тудырмайтын жағдайда есепті орындау барысында қолданылған формулаларды жазу міндетті емес.

Мысал 1.Теңдеуді шеш:

$$4\sin(0{,}5\pi + x) + 3\sin^2 x - 3 = 0$$

$$4\cos x + 3\sin^2 x - 3 = 0$$

$$4\cos x + 3(1 - \cos^2 x) - 3 = 0$$

$$4\cos x + 3 - 3\cos^2 x - 3 = 0$$

$$4\cos x - 3\cos^2 x = 0$$

$$\cos x(4 - 3\cos x) = 0$$

Көбейтінді нөлге тең болуы үшін кем дегенде көбейткіштердің біреуі нөлге тең болуы шарт, мұнда басқа көбейткіштері нөлден өзгеше деп есептеледі.

$\cos x = 0$ немесе $4 - 3\cos x = 0$

$x = \frac{\pi}{2} + \pi k, k \in Z$ $3\cos x = 4$

$\cos x = \frac{4}{3},\ \frac{4}{3} \notin [-1;1]$

$x \in \phi$

Жауабы: $x = \frac{\pi}{2} + \pi k, k \in Z$

Мысал 2.Теңдеуді шеш:

а) $\frac{\cos x - 2}{\cos \frac{x}{2}} = 2$

айнымалының мүмкін мәндер жиынын табамыз:

$cos \frac{x}{2} \neq 0$

$\frac{x}{2} \neq \frac{\pi}{2} + \pi n, n \in Z \ \big| \cdot 2$

$x \neq \pi + 2\pi n, n \in Z$

$$\frac{\cos x - 2}{\cos \frac{x}{2}} = 2 \ \Big| \cdot \cos \frac{x}{2}$$

$$\cos x - 2 = 2\cos \frac{x}{2}$$

$$\cos\left(2 \cdot \frac{x}{2}\right) - 2 - 2\cos \frac{x}{2} = 0$$

$$2\cos^2 \frac{x}{2} - 1 - 2\cos \frac{x}{2} - 2 = 0$$

$$2\cos^2 \frac{x}{2} - 2\cos \frac{x}{2} - 3 = 0$$

Жаңа белгілеу енгіземіз: $\cos\frac{x}{2}=t,\ t\in[-1;1]$

$2t^2-2t-3=0$

$D=b^2-4ac$

$D=2^2-4\cdot2\cdot(-3)=4+24=28$

$t=\frac{-b\pm\sqrt{D}}{2a}$

$t_{1,2}=\frac{2\pm\sqrt{28}}{2\cdot2}=\frac{2\pm2\sqrt{7}}{4}=\frac{1\pm\sqrt{7}}{2}$

$t_1=\frac{1+\sqrt{7}}{2},$

$t_2=\frac{1-\sqrt{7}}{2}$

Түбірлерді тексереміз:

$2<\sqrt{7}<3 \quad |+1$

$3<\sqrt{7}+1<4 \quad |:2$

$1{,}5<\frac{\sqrt{7}+1}{2}<2$

Яғни, $t_1\notin[-1;1]$

$2<\sqrt{7}<3 \quad |\cdot(-1)$

$-3<-\sqrt{7}<-2 \quad |+1$

$-2<-\sqrt{7}+1<-1 \quad |:2$

$-1<\frac{-\sqrt{7}+1}{2}<-\frac{1}{2}$

$t_2\in[-1;1]$

Жаңа белгілеуге қайта ораламыз:

$cos\frac{x}{2}=\frac{1-\sqrt{7}}{2}$

$\frac{x}{2}=\pm\arccos\frac{1-\sqrt{7}}{2}+2\pi n, n\in Z \ |\cdot2$

$x = \pm 2\arccos\frac{1-\sqrt{7}}{2} + 4\pi n, n \in Z$ - ММЖ тиісті болады

Жауабы: $x = \pm 2\arccos\frac{1-\sqrt{7}}{2} + 4\pi n, n \in Z$

Мысал 3. Теңдеулер жүйесін шеш:

$$\begin{cases} x - y = \frac{3\pi}{2} \\ 5\cos^2 x = 6\sin\, y - 1 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x = \frac{3\pi}{2} + y \\ 5\cos^2 x = 6\sin\, y - 1 \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} x = \frac{3\pi}{2} + y \\ 5\cos^2\left(\frac{3\pi}{2} + y\right) = 6\sin\, y - 1 \end{cases}$$

Екінші теңдеуді шешеміз:

$$5\cos^2\left(\frac{3\pi}{2} + y\right) = 6\sin\, y - 1$$

$$5\sin^2 y = 6\sin\, y - 1$$

$$5\sin^2 y - 6\sin\, y + 1 = 0$$

Жаңа белгілеу енгіземіз: $\sin\, y = t,\ t_1 \notin [-1;1]$

$$5t^2 - 6t + 1 = 0$$

а=5; в=-6; с=1

а+в+с=0

$$t_1 = 1$$

$$t_2 = \frac{c}{a};\ t_2 = \frac{1}{5}$$

Жаңа белгілеуге қайта ораламыз:

$$\sin\, y = 1$$

$$y_1 = \frac{\pi}{2} + 2\pi n, n \in Z$$

$$\sin\, y = \frac{1}{5}$$

$$y_2 = (-1)^{\kappa} \arcsin\tfrac{1}{5} + \pi\kappa, \kappa \in Z$$

$$\left[\begin{array}{l}\begin{cases}x_1=\dfrac{3\pi}{2}+\dfrac{\pi}{2}+2\pi n, n\in Z\\ y_1=\dfrac{\pi}{2}+2\pi n, n\in Z\end{cases}\\ \begin{cases}x_2=\dfrac{3\pi}{2}+(-1)^{\hat{e}}\arcsin\frac{1}{5}+\pi\hat{e}, \hat{e}\in Z\\ y_2=(-1)^{\hat{e}}\arcsin\frac{1}{5}+\pi\hat{e}, \hat{e}\in Z\end{cases}\end{array}\right. \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l}\begin{cases}x_1=2\pi+2\pi n, n\in Z\\ y_1=\dfrac{\pi}{2}+2\pi n, n\in Z\end{cases}\\ \begin{cases}x_2=\dfrac{3\pi}{2}+(-1)^{\kappa}\arcsin\frac{1}{5}+\pi\kappa, \kappa\in Z\\ y_2=(-1)^{\kappa}\arcsin\frac{1}{5}+\pi\kappa, \kappa\in Z\end{cases}\end{array}\right.$$

Жауабы: $\left(2\pi+2\pi n; \dfrac{\pi}{2}+2\pi n\right), \left(\dfrac{3\pi}{2}+(-1)^n\arcsin\frac{1}{5}+\pi n; (-1)^n\arcsin\frac{1}{5}+\pi n\right), n\in Z$

Мысал 4. Теңсіздікті шеш:

$$2\sin\left(\frac{x}{2}-\frac{\pi}{4}\right)\geq -1$$

Теңсіздіктің екі жағын да 2-ге бөліпкелесі мәндес теңсіздікті аламыз:

$$\sin\left(\frac{x}{2}-\frac{\pi}{4}\right)\geq -\frac{1}{2}$$

Бір координаталық жазықтықта $y=\sin x$ және $y=-\dfrac{1}{2}$ функцияларының графиктерін сызып қарастырамыз.

Графиктен түзу синусойда қисығын шексіз көп нүктелерде қиып өтетіндігін көреміз. Берілген теңсіздікті қанағаттандыратын синусойданың бөлігі $y=-\dfrac{1}{2}$ түзуінен жоғары орналасқан.



$\arcsin\left(-\dfrac{1}{2}\right)=-\dfrac{\pi}{6}$ екенін ескере отырып $x_1=-\dfrac{\pi}{6}$ және $x_2=\pi-\left(-\dfrac{\pi}{6}\right)=\dfrac{7\pi}{6}$ мәндерін есептеп табамыз.

Негізгі шешімдері жататын аралық: $\left[-\frac{\pi}{6};\frac{7\pi}{6}\right]$. Онда $-\frac{\pi}{6}\le\frac{x}{2}-\frac{\pi}{4}\le\frac{7\pi}{6}$.

$y=\sin x$ фукциясының периодтылығын ескере отырыпкелесі теңсіздікті

аламыз: $-\frac{\pi}{6}+2\pi n\le\frac{x}{2}-\frac{\pi}{4}\le\frac{7\pi}{6}+2\pi n,\ n\in Z$

Теңсіздіктің әр бөлігіне $\frac{\pi}{4}$ -ті қосамыз:

$$-\frac{\pi}{6}+\frac{\pi}{4}+2\pi n\le\frac{x}{2}\le\frac{7\pi}{6}+\frac{\pi}{4}+2\pi n,\ n\in Z$$

$$\frac{\pi}{12}+2\pi n\le\frac{x}{2}\le\frac{17\pi}{12}+2\pi n,\ n\in Z$$

Теңсіздіктің екі жақ бөлігін де 2-ге көбейтеміз:

$$\frac{\pi}{6}+4\pi n\le x\le\frac{17\pi}{6}+4\pi n,\ n\in Z$$

Жауабы: $\left[\frac{\pi}{6}+4\pi n;\frac{17\pi}{6}+4\pi n\right]\ n\in Z$.

Мысал 5. Теңсіздікті шеш:

$$-\frac{\sqrt{2}}{2}\le\sin x\le\frac{\sqrt{3}}{2}$$

В одной координатной плоскости построим графики функций $y=\sin x$,

$y=\frac{\sqrt{3}}{2}$ және $y=-\frac{\sqrt{2}}{2}$ фукцияларының графиктерін бір координаталық жазықтыққа салып қарастырамыз. Түзулер косинусоида қисығын шексіз көп нүктелерде қиып өтетінін көреміз. Берілген теңсіздікті қанағаттандыратын косинусоида қисығының бөлігі $y=-\frac{\sqrt{2}}{2}$ және $y=\frac{\sqrt{3}}{2}$ түзулерінің арасында орналасқан .



Учитывая, что $\arcsin(-\frac{\sqrt{2}}{2}) = -\frac{\pi}{4}$ және $\arcsin\frac{\sqrt{3}}{2} = \frac{\pi}{3}$ екенін ескере отырып x_1= $-\frac{\pi}{4}$ және x_2=$\frac{\pi}{3}$ мәндерін табамыз.

Негізгі шешімдері жататын аралық: $\left[-\frac{\pi}{4};\frac{\pi}{3}\right]$. Онда $-\frac{\pi}{4} \le x \le \frac{\pi}{3}$.

$y = \sin x$ фукциясының периодтылығын ескере отырыпкелесі теңсіздікті аламыз: $-\frac{\pi}{4} + 2\pi n \le x \le \frac{\pi}{3} + 2\pi n,\ n \in Z$

Жауабы: $\left[-\frac{\pi}{4} + 2\pi n; \frac{\pi}{3} + 2\pi n\right]$ $n \in Z$.

4 тарау. «Туындының геометриялық мағынасы»

Тапсырманы орындау барысында қолданылатынына күмән тудырмайтын формулалардан басқа есептің шығарылуында негізгі формулалар мен сөздік түсініктемелер болып табылатын формулалар мен сөздік түсініктемелерді жазып отыру міндетті.

Мысал 1.

Егер $f(x) = \cos(\pi + x)$ болса, $f'\left(\frac{4}{3}\pi\right)$ өрнегін нөлмен салыстыр. Келтіру формулаларын қолданып функциянфы түрлендіреміз $\cos(\pi + \alpha) = -\cos\alpha$. $f(x) = -\cos x$ аламыз.

Туындыны табамыз $f(x) = -\cos x$.

$f'(x) = (-\cos x)' = \sin\, x$.

$x = \frac{4}{3}\pi$ нүктесіндегі туындының мәнін есептейміз.

$f'\left(\frac{4}{3}\pi\right) = \sin\frac{4}{3}\pi = \sin\left(\pi + \frac{\pi}{3}\right)$. .

Келтіру формулаларын қолданып $\sin(\pi + \alpha) = -\sin\alpha$ аламыз.

$f'\left(\frac{4}{3}\pi\right) = -\sin\frac{\pi}{3} = -\frac{\sqrt{3}}{2}$.

Табылған мәнді нөлмен салыстырамыз: $-\frac{\sqrt{3}}{2}$<0.

Жауабы: $f'\left(\frac{4}{3}\pi\right)$<0.

Мысал 2.

$x(t) = 2t^3 + t^2 - 4$ (см) заңы бойынша түзусызықты қозғалатын нүктенің $t = 4c$ уақыт мезетіндегі жылдамдығы мен үдеуін табыңыз.

Туындының физикалық мағынасынан $\upsilon(t) = x'(t)$ және $\upsilon'(t) = a(t)$ аламыз.

Туындыны табамыз $x(t) = 2t^3 + t^2 - 4$.

$x'(t) = \left(2t^3 + t^2 - 4\right)' = 6t^2 + 2t$.

$\upsilon(t) = 6t^2 + 2t$.

$t = 4$с уақыт мезетіндегі жылдамдығын есептейміз

$\upsilon(4) = 6\cdot 4^2 + 2\cdot 4 = 104$ см/с.

Туындыны табамыз $\upsilon(t) = 6t^2 + 2t$.

$\upsilon'(t) = (6t^2 + 2t)' = 12t + 2$.

$a(t) = 12t + 2$

$t = 4$с уақыт мезетіндегі үдеуін есептейміз.

$a(4) = 12\cdot 4 + 2 = 50$ см/с^2.

Жауабы: 104см/с; 50 см/с^2.

Мысал 3.

$f(x)=\sqrt{3x+2}$ функциясының графигіне қай нүктеде жүргізілген жанама Ох осьімен $45°$ бұрыш жасайды?

Туындының геометриялық мағынасынан $tg\alpha = f'(x_0)$ білеміз.

Туындыны табамыз $f(x)=\sqrt{3x+2}$.

$$f'(x)=\left(\sqrt{3x+2}\right)' = \left(\left(3x+2\right)^{\frac{1}{2}}\right)' = \frac{1}{2}\left(3x+2\right)^{\frac{-1}{2}}\cdot 3 = \frac{3}{2\sqrt{3x+2}}.$$

$$tg\,45° = \frac{3}{2\sqrt{3x_0+2}}.$$

$$1 = \frac{3}{2\sqrt{3x_0+2}}.$$

Иррационал теңдеуді шешеміз $2\sqrt{3x_0+2}=3$.

Теңдеудің екі жақ бөлігін де квадраттаймыз.

$4(3x_0+2) = 9.$

$(3x_0+2) = \frac{9}{4}.$

$3x_0 = \frac{9}{4} - 2.$

$3x_0 = \frac{9}{4} - \frac{8}{4}.$

$3x_0 = \frac{1}{4}.$

$x_0 = \frac{1}{4}\cdot\frac{1}{3}.$

$x_0 = \frac{1}{12}.$

Табылған мәнді иррационал теңдеуге қойып тексереміз.

$$2\sqrt{3\cdot\frac{1}{12}+2}=3.$$

$$2\sqrt{3\cdot\frac{1}{12}+2}=2\sqrt{\frac{1}{4}+\frac{8}{4}}=2\sqrt{\frac{9}{4}}=2\cdot\frac{3}{2}=3.$$

$x_0 = \frac{1}{12}$ - теңдеу түбірі болады.

x_0-ге сәйкес y_0 мәнін есептейміз $y_0 = \sqrt{3x_0 + 2}$.

$y_0 = \sqrt{3 \cdot \frac{1}{12} + 2} = \frac{3}{2} = 1\frac{1}{2}$.

$\left(\frac{1}{12};1\frac{1}{2}\right)$-нүктесінде $f(x) = \sqrt{3x+2}$ функцияның графигіне жүргізілген жанамаOxосьімен 45° бұрыш жасайды.

Жауабы: $\left(\frac{1}{12};1\frac{1}{2}\right)$.

Мысал 4.

$y = \frac{x+1}{x+2}$ функциясының графигіне жүргізілген жанама $y = x+5$ түзуіне параллель болатын нүктені тап.

Егер $y = \frac{x+1}{x+2}$ функциясының графигіне жүргізілген жанама параллельна прямой $y = x+5$ түзуіне параллель болса, онда жанаманың бұрыштық коэффициенті 1-ге тең.

$k = 1.$

Туындының геометриялық мағынасынан $k = y'(x_0)$ аламыз.

$y'(x_0) = 1$.

Туындыны табамыз $y = \frac{x+1}{x+2}$.

$$y' = \left(\frac{x+1}{x+2}\right)' = \frac{(x+1)'(x+2)-(x+2)'(x+1)}{(x+2)^2} = \frac{x+2-(x+1)}{(x+2)^2} = \frac{x+2-x-1}{(x+2)^2} = \frac{1}{(x+2)^2}.$$

$\frac{1}{(x_0+2)^2} = 1.$

$(x_0+2)^2 = 1.$

$x_0 + 2 = 1$ немесе $x_0 + 2 = -1$.

$x_0 = -1$ немесе $x_0 = -3$.

Сәйкесінше y_0 мәндерін табамыз.

$x_0 = -1$, $y_0 = \frac{-1+1}{-1+2} = 0$. $(-1;0)$.

$x_0 = -3$, $y_0 = \frac{-3+1}{-3+2} = \frac{-2}{-1} = 2$. $(-3;2)$.

$(-1;0), (-3;2)$ нүктелерінде $y = \frac{x+1}{x+2}$ функциясының графигіне жүргізілген жанама $y = x + 5$ түзуіне параллель болады.

Жауабы: $(-1;0)$, $(-3;2)$.

5тарау. «Функцияны зерттеу және графигін салу»

Функцияның анықталу облысын табуда төмендегідей тұжырымдарды басшылыққа аламыз:

1) бүтін рационал функцияның (көпмүше түрінде берілсе) анықталу облысы барлық нақты сандар жиыны;
2) бөлшек рационал функцияның анықталу облысы бөлшектің бөліміндегі көпмүшені нөлге айналдыратын нүктелер жиынынан басқа барлық нақты сандар жиыны;
3) егер функция иррационал өрнек түрінде берілсе, онда функцияның анықталу облысы түбірдің дәреже көрсеткішіне тәуелді болады, яғни түбірдің дәреже көрсеткіші тақ болса, онда оның анықталу облысы бөлімі нольге айналмайтын барлық нақты сандар жиыны, ал егер түбірдің дәреже көрсеткіші жұп болса, онда түбір астындағы өрнек теріс емес (түбір өрнектің алымында болса) не оң (түбір - бөлімінде) болатын аргументтің мәндер жиыны;
4) егер функция әр түрлі функциялардың алгебралық қосындысы түрінде берілсе, онда оның анықталу облысы қосылғыш функциялардың анықталу облыстарының қиылысуына тең.

Туындының көмегімен кез келген дифференциалданатын f(x) функциясының өсу және кему аралықтарын табу алгоритмі:

1) функцияның анықталу облысын табу;
2) функцияның туындысын табу;
3) f′(x)>0 немесе f′(x)<0 теңсіздігін шешу;

4) берілген теорема бойынша функцияның өсу және кему аралықтарын жазу.

Функцияны туындының көмегімен зерттеу үшін мына алгоритм қолданылады:

1) функцияның анықталу облысын табу;
2) Функцияның жұп, тақ және периодты екенін анықтау;
3) функция графигінің координаталар осімен қиылысу нүктелерін анықтау;
4) таңбатұрақтылық аралықтарын табу;
5) өсу және кему аралықтарын, экстремумдарын табу;
6) алынған зерттеу нәтижелерін кестеге енгізу;
7) функцияның асимптоталарын табу;
8) функцияның графигін салу;
9) функцияның салынған графигін қолданып, оның мәндер жиынын табу.

Мысал 1.

Функцияны зерттеп және оның графигін сызыңдар: $f(x) = \frac{1}{3}x^3 - x^2 + \frac{4}{3}$;

Шешуі.

Функцияны зерттеу алгоритмін қолданамыз:

1) Берілген функция рационал функция болғандықтан, анықталу облысы барлық нақты сандар жиыны, яғни $\mathrm{D}(f) = R$;
2) $f(-x) = \frac{1}{3}(-x)^3 - (-x)^2 + \frac{4}{3} = -\frac{1}{3}x^3 - x^2 + \frac{4}{3}$ функция жұп та емес, тақ та емес, периодты да емес.
3) функция графигінің координаталар осімен қиылысу нүктесін табамыз:

   Oy осімен: $x = 0, f(0) = \frac{1}{3} \cdot 0^3 - 0^2 + \frac{4}{3} = \frac{4}{3}$, фунция графигі *Oy* осімен қиылысу нүктесі - $A\left(0; \frac{4}{3}\right)$;

   Ox осімен: $y = 0$, $\frac{1}{3}x^3 - x^2 + \frac{4}{3} = 0$

$$\frac{1}{3} \cdot (x^3 - 3x^2 + 4) = 0$$

$$\frac{1}{3}\cdot(x+1)\left(x^2-4x\quad+4\right)=0$$

$$\frac{1}{3}\cdot(x+1)(x-2)\quad^2=0$$

$x+1=0$немесе $(x-2)\quad^2=0$

$$x=-1 x-2=0$$

$$x=2$$

фунция графигі Oxосімен қиылысу нүктелері - $B(-1;\ 0)$ және $C(2;\ 0)$;

4) функция таңбатұрақтылық аралығын анықтау үшін анықталу облысын $x=-1$ және $x=2$ нүктелері арқылы интервалдарға бөліп, функцияның таңбасын анықтаймыз:



Демек, (- ∞; -1) аралығында $f(x)<0$, ал (-1; 2) ∪ (2; +∞) аралығында $f(x)>0$;

5) Өсу,кему аралықтарын, экстремум нүктелерін табамыз.

$$f'(x)=\left(\frac{1}{3}x^3-x^2+\frac{4}{3}\right)'=x^2-2x;$$

$f'(x)=0,\qquad x^2-2x=0$

$$x(x-2)=0$$

$x_1=0$ или $\quad x-2=0$

$$x_2=2$$

x_1, x_2сындық нүктелер.

Осы нүктелердің көмегімен анықталу облысын аралықтарға бөлеміз және әр аралықтағы туынды таңбасын интервалдар әдісімен анықтаймыз:

Демек, функция (-∞; 0]∪[2; +∞) аралығында өседі, өйткені$f'(x)>0$, ал [0; 2] аралығында кемиді, өйткені$f'(x)<0$.

Демек, $x \quad = 0$ - максимум нүктесі, $x \quad = 2$ – минимум нүктесі.

Экстремум нүктелеріндегі функцияның мәндерін есептейік:

$$f(0) = \frac{1}{3} \cdot 0^3 + 0^2 + \frac{4}{3} = \frac{4}{3}; \quad \left(0; \frac{4}{3}\right);$$

$$f(2) = \frac{1}{3} \cdot 2^3 + 2^2 + \frac{4}{3} = \frac{8}{3} - 4 + \frac{4}{3} = 0; \quad (2;\ 0);$$

6) Зерттеу нүктелерін кестеге енгіземіз:

x	$(-\infty; 0)$	0	$(0; 2)$	2	$(0;\ +\infty)$
$f'(x)$	+	0	-	0	+
$f(x)$	бірсарынды өседі	$\frac{4}{3}$	бірсарынды кемиді	0	бірсарынды өседі
экстремум		max		min	

7) Функцияның графигін саламыз:



8) $E(f) = R$.

Мысал 2.

Функцияның анықталу облысын табыңдар: $y = \sqrt{3^{2x} - 2 \cdot 3^x - 3}$;

Шешуі.

$3^{2x} - 2 \cdot 3^{x} - 3 \geq 0$теңсіздігінің шешімі берілген функцияның анықталу облысы болып табылады.

Квадрат түбірдің анықтамасы бойынша $3^{2x} - 2 \cdot 3^{x} - 3 \geq 0$, бұл теңсіздікті шешу үшін жаңа айнымалы енгіземіз: $3^{x} = t,$ сонда $t^2 - 2t - 3 \geq 0$ теңсіздігін аламыз. Теңсіздікті интервалдар әдісі арқылы шешеміз.

$t^2 - 2t - 3 = 0$ функцияның нөлдерін табамыз,

$$D = b^2 - 4ac, \qquad D = (-2)^{2} - 4 \cdot 1 \cdot (-3) = 4 + 12 = 16 > 0$$

$t_{1,2} = \frac{-b \pm \sqrt{D}}{2 \cdot a}$,$t_1 = \frac{2-4}{2 \cdot 1} = \frac{-2}{2} = -1,$

$$t_2 = \frac{2+4}{2 \cdot 1} = \frac{6}{2} = 3.$$

Сан осінде белгілеп, интервалдарда функцияның таңбаларын анықтап, таңбасы теңсіздік таңбасына сәйкес интервалдарды аламыз:



$t \epsilon (-\infty;\ -1] \cup [3; +\infty).$

Жаңа айнымалыға қайта оралсақ, $3^{\mathrm{x}} \leq -1$ және $3^{\mathrm{x}} \geq 3$ теңсіздіктерін аламыз, $3^{\mathrm{x}} \leq -1$ болуы мүмкін емес, сондықтан $3^{\mathrm{x}} \geq 3$ теңсіздігінің шешімі берілген теңсіздіктің анықталу облысы болады,

$3^{\mathrm{x}} \geq 3$

$3^{\mathrm{x}} \geq 3^{1}$

$\mathrm{x} \geq 1,\ \mathrm{x} \in [1; +\infty)$

Жауабы:$D(y) = [1; +\infty).$

Мысал 3.

Монотонды аралықтарын анықтаңдар: $y = \frac{x^2 - 3x + 1}{x^2 + x + 1};$

Шешуі.

Туындының көмегімен кез келген диффереціалданатын функцияның өсу және кему аралықтарын анықтау алгоритмін қолданамыз,

1) бөлшек рационал функцияның анықталу облысы бөлшектің бөліміндегі көпмүшені нөлге айналдыратын нүктелер жиынынан басқа барлық нақты сандар жиыны болғандықтан:

$$x^2 + x + 1 \neq 0$$

$D = b^2 - 4ac,\ D = 1^2 - 4 \cdot 1 \cdot 1 = 1 - 4 = -3 < 0$ демек, функцияның 0-ге тең болатын нүктелері жоқ, графигі жоғары қараған парабола, яғни $D(y) = R$.

2) функцияның туындысын табамыз:

$$y' = \left(\frac{x^2 - 3x + 1}{x^2 + x + 1}\right)' = \frac{(2x-3)(x^2+x+1) - (x^2-3x+1)(2x+1)}{(x^2+x+1)^2}$$

$$= \frac{2x^3+2x^2+2x-3x^2-3x-3-2x^3+6x^2-2x-x^2+3x-1}{(x^2+x+1)^2} = \frac{4x^2-4}{(x^2+x+1)^2};$$

3) $y' > 0,\ \frac{4x^2-4}{(x^2+x+1)^2} > 0$. Шыққан теңсіздікті интервалдар әдісімен шешеміз. Сонда $4x^2 - 4 = 0, \qquad (x^2+x+1)^2 \neq 0$

$$4(x^2 - 1) = 0 \quad x^2 + x + 1 \neq 0$$

$$x^2 - 1 = 0 \quad D = 1^2 - 4 \cdot 1 \cdot 1 = 1 - 4 = -3 < 0$$

$x^2 = 1$ 0-ге тең болатын мәндері жоқ

$x = -1,\ x = 1.$

Функцияның анықталу облысын үш интервалға бөліп, әрқайсысының таңбасын анықтаймыз.



Демек, $(-\infty; -1]$ және $[1; +\infty)$ аралығында өседі, $[-1; 1]$ аралығында кемиді.

Жауабы: $(-\infty; -1] \cup [1; +\infty)$ аралығында өседі, $[-1; 1]$ аралығында кемиді.

6тарау. «Берілген кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәні»

Көптеген практикалық міндеттерді шешу көбінесе аралықта үздіксіз функциясының ең үлкен және ең кіші мәндерін табуға келіп саяды.Анализ курсында $[a; b]$ кесіндісінде үзіліссіз функция осы кесіндіде ең үлкен және ең кіші мәндерін қабылдайтындығы тұжырымдалғанВейерштрасстеоремасы дәлелденген, яғни $[a; b]$ кесіндісінде функциянығең үлкен және ең кіші мәндерін қабылдайтын нүктелері бар екендігі дәлелденген.

Кесіндісіндегі функциянығең үлкен және ең кіші мәндерін табу үшін, функцияның берілген кесіндідегі өзгерісін туындының көмегімен зерттейміз.

Ол үшін мына алгоритм қолданылады:

1. Функцияның анықталу облысын табамыз;
2. Функцияның туындысын табамыз;
3. Функцияның сындық нүктелерін табу, яғни $f'(x) = 0$ немесе $f'(x)$ туындысы болмайтын анықталу облысының ішкі нүктелерін табу;
4. Туынды таңбасы тұрақты аралықтарды анықтаймыз, және олардың көмегімен өсу және кему аралықтарын табамыз:

   Егер I аралықта функцияның туындысы $f'(x) > 0$ болса, онда $y = f(x)$ функциясы осы аралықта өседі.

   Егер I аралықта функцияның туындысы $f'(x) < 0$ болса, онда $y = f(x)$ функциясы осы аралықта кемиді.

5. Функцияның максимум, минимум нүктелерін табамыз.

Максимум нүктесінде функцияның туындысы таңбасын "+"-тен "–"-ке ауыстырады.

Минимум нүктесінде функцияның туындысы таңбасын "–"-тен "+"-ке ауыстырады.

6. Функцияның кесіндінің ұштарындағы мәндерін табамыз.
   - Сонан кейін функцияның кесіндінің ұштарындағы мәндерін және максимум нүктелеріндегі мәндерін салыстырып егер функцияның ең үлкен мәнін табу керек болса олардың ең үлкенін таңдаймыз.
   - Немесе функцияның кесіндінің ұштарындағы мәндерін және минимум нүктелеріндегі мәндерін салыстырып егер функцияның ең кіші мәнін табу керек болса олардың ең кішісін таңдаймыз.

Жоғарыда баяндалған функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табу тәсілі әр түрлібағыттағы есептерді шешуде қолданылады. Осындай жағдайларда келесі схема бойынша жұмыс жасалады:

1. Есеп функциялық тілге «аударылады». Бізді қызықтыратын шаманы f(x)функциясы түрінде өрнектеуге мүмкіндік беретін;
2. Талдау арқылы осы функцияның белгілі бір кесіндідегіең үлкен және ең кіші мәндері ізделінеді;
3. Функция тілінде алынған нәтиже (алғашқы есеп терминдерімен) қандай практикалық мағынаға ие екендігі нақтыланады.

Мысал 1.

4 санын екі қосылғышқа, олардың көбейтіндісі ең үлкен мәнге ие болатындай етіп, жікте.

Шешуі.

x – бір қосылғыш болсын. онда (4 – x) – екінші қосылғыш болады..

f(x) = x(4 – x) =4x – x^2

$f'(x)$=4 – 2x

$f'(x)$=0 теңдеуін шешеміз.

4-2x=0

4=2x

x=2

Жауабы:2;2

Мысал 2

12см тең кесінді берілген. майысқан сымның ұштары қосылған кесінділерде тұрғызылған квадраттың ауданы ең кіші мәнге ие болатындай етіп тік бұрыш жасап майыстыруқажет.

Шешуі.



Берілгені:
AC=12см
$\angle B = 90°$
S_{ACRN}- ең кіші мәні
Табу керек:AB

Шешуі:

AB+BC=12 см

AB=x см болсын, онда BC=12-x болады.

$S_{ACRN} = AC^2$

Пифагор теоремасы бойынша$AC^2 = (12 - x)^2 + x^2$

f(x)=2x^2 -24x+144

$f'(x)$=4x-24

$f'(x)$=0 теңдеуін шешеміз.

4x-24=0

4x=24

x=6

Жауабы: AB=BC=6 см

Мысал 3

$[1; 4]$ кесіндісінде $f(x) = x^3 - 2x^2 + 8x - 2$функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табыңыз.

Шешуі.

$f(x) = x^3 - 2x^2 + 8x - 2$

1.D(f): $x \in (-\infty; +\infty)$

2. $f'(x) = 3x^2 - 4x + 8$

3. Сындық нүктелерді табамыз.

$f'(x)$=0 теңдеуін шешеміз.

$3x^2 - 4x + 8 = 0$

D<0 – Сындық нүктелеріжоқ.

4.Функцияның кесіндінің ұштарындағы мәндері

f (1) =3–4+8=5

f(4)=$3 \cdot 4^2 - 4 \cdot 4 + 8 = 62$

Жауабы: max f(x)=f (4) =62;   min f(x)=f (1) =5

Функцияның экстремумдарын табу алгоритмі:

1. Функцияның анықталу облысын табамыз;
2. Функцияның туындысын табамыз;
3. Функцияның сындық нүктелерін табу, яғни $f'(x) = 0$ немесе $f'(x)$ туындысы болмайтын анықталу облысының ішкі нүктелерін табамыз;
4. Сындық нүктелер $f(x)$ функциясының анықталу облысын бөлетін аралықтардағы туындының $f'(x)$ таңбасын зерттейміз. Егер туынды $f'(x)$ сындық нүктелерден өткенде таңбасын өзгертетін болса, онда функцияның бұл нүктелерде экстремумдары болады. Ал егер туындының $f'(x)$ таңбасы өзгермесе, онда бұл нүктелерде функцияның экстремумдары болмайды.

Мысал 4

$\left(-5; -\frac{1}{5}\right)$ кесіндісіндегі $y = x^3 + 6x^2$ функцияның экстремум нүктелерін тап.

Шешуі.

$y = x^3 + 6x^2$

1.D(f): $x \in (-\infty; +\infty)$

2.$y^I = 3x^2 + 12x$

3.Сындық нүктелерді табамыз.

$f'(x)$=0 теңдеуін шешеміз.

$3x^2 + 12x = 0$

3x(x+4)=0

x=0 немесе x+4=0

x=-4

4. x=0 $\notin \left(-5;-\frac{1}{5}\right)$

x= – 4$\in \left(-5;-\frac{1}{5}\right)$

5. Сындық нүктелер $f(x)$ функциясының анықталу облысын бөлетін аралықтардағы туындының $f'(x)$ таңбасын зерттейміз.

$y^{I}(-4{,}5)=6{,}75>0$

$y^{I}(-1)=-9<0$



x= – 4 максимум нүктесі

Жауабы: x = -4 максимум

7тарау. «Алғашқы функция және интеграл. Берілген сызықтармен шектелген фигураның ауданы»

Мектепте оқытылатын математика курсына алғашқы функция және интеграл ұғымдарының енгізілуі оқушылардың алғашқы функция және интеграл ұғымдарын меңгеруіне, сонымен қатар оларды интегралдың қолданылуымен таныстыруға бағытталған.

Мысал 1

Графигі M нүктесі арқылы өтетінf функциясы үшін алғашқы F функцияны табыңдар және егер $f(x)=\cos(2\pi-x), M\left(-\frac{\pi}{2};-1\right)$болса, F функциясының графигін салыңдар.

Шешуі.

f(x) функциясын келесі түрге келтіреміз:

$$f(x)=\cos(2\pi-x)=cosx$$

Алынған функция үшін алғашқы функцияларының жалпы түрі:

$$F(x) = \sin x + C$$

Барлық алғашқы функциялар жиынынан, $F\left(-\frac{\pi}{2}\right) = -1$ теңдігін қанағаттандыратын функцияны табамыз.

$$-1 = \sin\left(-\frac{\pi}{2}\right) + C$$

$$-1 = -\sin\frac{\pi}{2} + C$$

$$-1 = -1 + C$$

C=0

Сонымен, C=0, $F(x) = \sin x$



